

«Оян, қазақ!» феномені: әлемдік ақпарат кеңістігінде

Аңдатпа. Мақалада Алаш арысы Міржақып Дулатұлының «Оян, Қазақ!» туындысы және оның қоғам санасына тигізген ықпалы талданады. Алдымен феномен ұғымының мән-маңызын аша отырып, автор бұл туынды не себепті қазақ қоғамының ұлттық, азаттық санасына әсер еткен құбылыс ретінде бағалануға лайық екенін зерделейді. Сонымен қатар, тек қазақ қоғамына ғана емес, жаһандық сипаттағы феномендік құбылыс сипаттарына дәлелдер келтіріледі. Әсіресе, түрік әлеміндегі туыстас ұлттардың сана-сезіміне тигізген ықпалына ғалымдар пікірімен сипаттама берілген. Бұл тақырып ғылыми ортада феномендік ракурстан зерттеле қоймаған. Мақалада «Оян, қазақтың» жапон дүниетанымына әсеріне қатысты айтылған кейбір күмәнді ғылыми пайымдаулар нақты деректермен тексеріледі. Түркия еліне қатысты айтылған тұжырымдар да сол елдің зерттеуші ғалымдарының пікірімен салыстырылады. Мақалада Міржақып Дулатұлының «Оян қазағына» қоғамдық құбылыс ретіндегі феномендік қырына тәуелсіздік, азаттық санасымен байланыстыра отырып баға берілген.

Түйін сөздер: Алаш, феномен, азаттық, қоғамдық сана, алаштану, ұлттық сана, тәуелсіздік, міржақыптану, ақпараттық кеңістік.

DOI: 10.32523/2616-7174-2021-135-2-27-33

Кіріспе

Алаш арыстарының қазақ қоғамындағы рөлі туралы алаштану ғалымдары іргелі еңбектер жариялап келеді. Міржақып Дулатұлы жар салған «Оян, қазақ!» ұранын неліктен феноменге теңей аламыз? Ол «оятуды» ұлтымыз қалай қабылдады? Бұл феноменнің өз елінен бөлек басқа да елдерге тигізген әсері туралы не білеміз?

Туғанына бытыр 135 жыл толған Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» өлеңі және сонымен аттас басылып шыққан жыр жинағы өз дәуірінде қазақ халқының санасын дүр сілкіндіргенін білеміз. Араға жетпіс жыл салып, Алаш арыстарының аты ақталып, тәуелсіздік алар алдындағы қайта түлеу кезінде де жаңғырған ұран, ұлттық идея болып жа-

лындап тұрды. Қоғам қайраткері, ағартушы, саясаткер, журналист, публицист жазушы, ақын, зерттеуші, аудармашы, елін сүйген арда ұл Міржақып Дулатұлының «Оян, қазағын» не үшін феноменге теңей аламыз? Феномен дегеніміз – гректің «пайда болу» деген сөзінен енген, қоғамдағы ерекше құбылыс десек, антикалық философияда оны тәжірибелі білім пәнін анықтауда қолданған. [1] Саналарды сілкінткен «Оян, қазақ!» ұранының ондай теңеуге ие болуына бірнеше алғышарт бар дей аламыз: 1) қоғамның санасына әсер етуі; 2) жалпы халықтық сипатқа ие болуы; 3) ұлттық идеяға айналуы; 4) ақпараттық кеңістікте кеңінен таралуы; 5) өзектілігін жоймаған өміршеңдігі.

«Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,
Қарағым, енді жату жарамас-ты!..»

Туған елінің отарлау саясатының құрбаны болып, жері жұлмаланып, діні мен ділі шатқаяқтап, рухани катастрофаның алдында тұрғанына қамығып, толғауы тоқсан қызыл тіл арқылы Алаш арыстары өз үнін қосып жатты. Ахмет Байтұрсынұлы «Масасы» арқылы халық санасын оятып, езгіге қарсы бас көтеруге шақырса, Сұлтанмахмұт Торайғырұлы:

«Қараңғы қазақ көгіне,

Өрмелеп шығып, күн болам!» – деп, жарық күн болып санаға сәуле түсіргісі келді. Ал 1909 жылы небәрі 25 жастағы Міржақыптың бүкіл қазақ даласын оятқан «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы шығады (Қазан қаласы, «Шарқ» баспасы). Бұл қоғамдық санаға ерекше әсер еткен ірі құбылыс болды.

Негізгі бөлім

Өз замандастары «Оян, қазақ!» туралы қандай пікірде болды десек, Қошкелі Кемеңгерұлы: «Оян, қазақ!» алғашқы шыққанда Грибоедовтің «Горе от умасындай» болған. «Оян, қазақты» ел қазақтары Құрандай жаттаған. Міржақыптың атын алты Алашқа таратқан «Оян, қазақ» болған. Міржақыптың «Бақытсыз Жамалы» «Бедная Лиза» сияқты болған», – деп пікір білдіреді. [2] Міржақыптың отты, ойлы өлеңдеріне баға бере келе, алаш арысы Жүсіпбек Аймауытұлы: «Өзінің ақындық беті күшті, түр тапқыш, аса еліктегіш емесі – Міржақып» деп ой толғайды. [3]

«Оян, қазақ!» жинағы 1911 жылы екінші мәрте басылып, қазақ жұртын «жұлқып оятпаққа» талпынғаны үшін Патша үкіметі 1911 жылдың 7 маусымында Міржақыпты қуғындап, шығармасына тыйым салып, өзін тұтқындап, түрмеге тоғытады. Бір айта кетерлігі, т.ғ.д., профессор Виль Галиевтің пікірінше, М.Дулатұлының бұл кітабы қазақ кітап басу ісіндегі цензуралық және сот қуғындауына ұшыраған алғашқы кітап болған. «Өлеңдерінде жергілікті тұрғындардың орыс қоныс аударушыларына жеккөрушілік өшпенділігін қоздыратын – Қылмыстық заңның 129-бабын-

дағы 6-пунктте айыпталған қылмыс белгілері бар деген айып тағылады», дейді ол өз зерттеуінде. [4] Патшалы Ресей бұл дүрбелең туғызған еңбекті бір емес 5 дамға аудартып, негізгі мазмұнды айқындау үшін жан-жақты зерттегінен анықтай аламыз. Бұл жинақта «Петербургтік цензор бұл өлеңге нашар ұшталған қарындашымен қатты шүйлігіпті, ол үшінші абзацтан басқа барлық жолдарды басынан-аяғына дейін сызып шыққан. Сірә, кейін айыптау қорытындысына дәл осы мәтін енгізілген болса керек», деп пайымдайды дейді, өзінің «Ұлтты оятқан кітап» еңбегінде зертеуші Виль Галиев. [5] Ал империалистік, әрі отарлау саясатының мұрагері – Кеңес үкіметі де Міржақыпқа оң көзбен қарамағаны, қуғын-сүргінге ұшыратып, түбіне жеткені тарихтан белгілі. Нағыз ұлттық идеяның авторлары большевиктік шовинизмге кедергі болары анық еді.

«Оян қазақ!» кітабы мен оның басты өлеңінің мән-маңызы туралы бүгінгі алаштанушы ғалымдар да пайымдап, көзқарасын білдіріп келеді. Тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелдінің айтуынша, «Оян, қазақ!» кітабы ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы түрлі топтардың бәрінің көңілінен шыққан. «Ресей патшалық үкіметінің шымбайына тиген кітап болды бұл. Бір қызығы, «Оян, қазақ!» сол кездегі қазақ зиялыларына да ұнады. Қазақ халқының да ойынан шықты. Сондай-ақ, дін адамдарының да көңілінен шықты. «Оян, қазақтың» елге ұнағаны соншалықты, кітапты мешіттер, молдалар елге таратты. Осыдан-ақ, бұл кітаптың мән-мағынасын, маңызын байқауға болады. Патша өкіметі кітап авторының соңына түсті. Ол кітапты оқуға тыйым салды», дейді ол. [6]

Алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай сол кезде «Оян, қазақ!» кітабын Абайдың кітабымен бірге ұзатылған қыздың жасауына қосып беру дәстүрі пайда болғанын айтады: «Осы «Оян, қазақ!» пен «Бақытсыз Жамал» қазақтың жүрегіне жол тапқан алғашқы көркем шығарма болып табылады. Осы кітаптар арқылы қазақтың ішінде ояну, гүлдену, өркеніетке ұмтылу деген аңсар пайда болды және қазақ қоғамы «Бақытсыз Жамалдың» тағдыры арқылы өз тағдырын елестетіп, ойлануға мүмкіндік алды». [7]

Міржақыптанушы ғалым Марат Әбсеметтің пікірінше, 1909 жылы жарық көрген «Оян, қазақ!» еңсесі түсіп езіле бастаған қазақ халқының тарих сахнасына шыққан революциялық күрестер мен шайқастар дәуіріне дәлме-дәл келді. Кітап сол кезде Қырым, Кавказ, Түркияға, тіпті Жапонияға дейін тарап кеткенін айтады. Жапондарға «Оян, қазақты» таныстырған «Серке» газетін шығарып, содан патша шабармандарының қуғынына ұшыраған татар баспагері Ә.Ибрагимов екенін айтады. «Әбдірашид Ибрагимов «Серке» газетінің барлық мұрағатын бірге алып кетеді. Сол жердегі жапон зиялыларымен араласады. Жапондар «Серке» газетінің екі нөмірімен танысады. Міржақыптың «Оян, Қазақ!» кітабы қатты әсер етеді. Міржақып бір өлеңінде жапон ерлігін де жырлаған. Кейбір азаматтар Міржақыпты өз іштерінен жапонның рухани ұстазы деп сайлайды. Сол кездің өзінде Жапонияда Міржақып туралы көптеген мақалалар, зерттеулер шығады. Жақаңа еліктеп «Оян, жапон!» деген кітап та шыққан еді», деп пайымдайды Марат Әбсемет. [8] Оның дәл бұлай сеніммен айтына не себеп екенін біз білмейміз. Әрине, Алаш қайраткерлерінің өзі үлгі тұтқан жапон қоғамы Міржақып Дулатұлының өлеңінен өзімен рухтас негіз табуы заңды, бірақ оған еліктеп «Оян, жапон!» деп кітап шығаруы мүмкін деген қаншалықты шындыққа жанасады деген заңды сұрақ туындайды. Осы себепті біз бұл деректі тексере келе, жағдай дәл олай болмауы да мүмкін деуге негіз бар. Себебі, Жапониядағы алаштанушы Уяма Томохико мырза бізді толғандырған осы сауалымызға: «Жапонияда Міржақып туралы өте аз адам біледі. «Оян, Жапония!» деген бірнеше кітап бар, бірақ олардың авторларының Қазақстанмен байланысы жоқ. Жалпы, «оян» – әлемде кең тараған метафора, онда Міржақыптың әсері жоқ сияқты», деген жауап алдық. Оның бұл уәжіне тоқтауға толық негіз бар, өйткені ол да – міржақыптанушы ғалым.

Жапон ғалымы Уямо Томохико 1997 жылы өз тілінде Міржақыптың саяси көзқарасынан диссертация қорғады. «Мен магистрлік диссертацияма қатысты тақырыпты көптен

бері таңдай алмай жүргенмін. 1991 жылдың күзінде Алматыдағы ғылым академиясының дүңгіршегінен Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» атты кітабын кездейсоқ сатып алдым. Сөйтіп осы кітапты және өзге де қазақ зиялыларының шығармаларын қызығып оқи бастадым. «Алаш» қозғалысының сол кездегі кейбір адамдардың ойлағанындай тар шеңбердегі ұлтшыл қозғалыс еместігін, бұл қозғалыстың өне бойында түрлі мәдениеттер мен идеялардың өзара әрекеттесіп жатқандығын байқадым. Бұл ұлтаралық келісім туралы, Еуразияның көпмәдениетті кеңістік екендігі жайындағы менің түсінігіммен сәйкес келді», дейді ол бұл туралы. [9]

Түрік профессоры Хүлия Қасапоғлы Ченгел қазақ, түрік және ұйғыр халықтарындағы «оян» мотивін салыстырады оның ең алғашқы бастауы Міржақыптан таралатынын айтады. «Түркі әлемін түртіп оятқан «Оян» мотивінің авторы – Міржақып Дулатұлы. Оның «Оян, қазақ!» өлеңі түркі халықтарын санасын оятуда серпіліс әкелді. Қазақстанның тәуелсіздік алуында Алаш қозғалысының тарихи маңызы үлкен. Мұндай жыр түрік ақыны Мехмет Акиф пен ұйғыр шайыры Әбділхалықта да кездеседі. Тұтастай айтқанда, үш жырда да рух бар. демек, түркі дүниесіндегі «Оян» мотивінің қайнар көзі – Міржақып Дулатұлы». Хүлия ханымның бұл пікірі өте дәйекті, өйткені түркі әлеміндегі тарихи және қоғамдық құбылыстарды зерттеп жүрген ғалым туыстас ұлттардың дамуы мен рухани ренессансын жан жақты зерделей келе, ондағы зиялық қауымның бір-біріне әсерін де назардан тыс қалдырмаған. [10]

Бұл тегіннен тегін емес, өйткені шын мәнінде өткен ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясы Түркиядағы қандастарымызға тың серпін әкелген ұлттық идеяның қайнар көздерінің бірі болған.

Міржақып Дулатұлын ұстаз тұтқан, азаттықты аңсаған азаматтардың қатарында болған Түркияның тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүрік деген дерек бар. Ол 1917–1918 жылдары билікке келген кезде досы профессор Тайыр Шағатайға тапсыр-

ма беріп «Оян, қазақ!» кітабын түрік тіліне аударып шығарған. (1930 жылы Анкарадан жарық көрген нұсқасы Астанадағы С.Сейфуллин атындағы мұражайда сақтаулы). Міржақыптанушы Марат Әбсеметтің дерегінше, осы кітапқа еліктеп «Оян, түрік!» деген кітап шыққан. [8] Бұл тұжырым туралы Алаш қайраткерлерінің біраз еңбегін қазақшадан түрікшеге аударып жүрген аудармашы Ашур Өздемирден сұрап-білгенімізде ол: «Ататүрік «Оян қазақты» түрік тіліне аударты дегенді бірінші рет естіп отырмын. Дегенмен егер аударылып басылған болса, бір кітапханада бір нұсқасы болатын еді. Сондықтан да оны іздеу керек», деп жауап берді.

Жалпы түрік ғалымдарының ішінде алаш қайраткерлерін зерттеп, ғылыми еңбегін арнап жүрген ғалымдар баршылық. Олардың ішінде ғалым Хүлия Ченгелден бөлек, тарих ғылымдарының докторы Гүлжанат Ержиласун, сондай-ақ қазақ әдебиеті мен тарихына, оның ішінде Алаш қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығына ден қойып жүрген зерттеуші, аудармашылар ішінде Ашур Өздемир, Кенан Коч, Емин Өздемир, Нергис Бирай, Осман Йорйулмаз, Хилал Шен Иде, Өмер Күчүкметоглу сынды көптеген ғалымдар мен зерттеушілерді атауға болады. Ашур Өздемир мырзаның «Оян, қазақтың!» феномендік қырына қатысты пікірі келесідей: «М. Дулатұлының «Оян, қазақ!» атты шығармасы тек қана Қазақ даласында емес, Ресейдің езгісін көріп отырған барлық елдерде үлкен сілкініске себеп болды деп ойлаймын. Сондықтан да аталмыш шығарма шынымен де феноменге айналған. Ал Түркияда Міржақып және оның «Оян, қазақ!» кітабы лайықты дәрежеде танылды деп айту қиын. Әрине, біраз ғалымдар мен қазақтанушылар шығармадан хабардар. Дегенмен «Оян, қазақ!» әлі қалың оқырманның қолына жеткен жоқ. Ол үшін кітап білікті аудармашы тарапынан түрік тіліне тәржімаланып, басылуы қажет». [11]

Қорытынды

Алаштанушы ғалым, профессор Гүлжаһан Орданың сөзінше, бүкіл Алаш қайраткер-

лерінің басты мақсаты тәуелсіздік болды. Сананы ояту арқылы ой азаттығын, ел азаттығын жаңғыртқысы келген «Оян, қазақ!» феномені тарихи құбылыс ретінде бірнеше ұлт пен ұлыстың рухани кеңістігіне осылайша әсер еткен еді. Бүгінгі таңдағы қазақ қоғамын көрсе, Міржақып Дулатұлы: «Жаңа әлем елін дамытудың ғылым мен білімге негізделген, адам құқығына сүйенген жаңа жолын таңдап жатыр. Жемқорлықтан, бойкүйездіктен, қатыгездіктен, немкеттіліктен, сатқындықтан іргеңді алыс сал! Оқы, тоқы, дамы! Кеш болмай тұрғанда, оян, Қазақ!» дер ме еді?..

Алаш қайраткерлерінің әрбірі өз соңына пассионарлық қуаттың мол мұрасын қалдырды. Қошке Кемеңгерұлы: «Көбіміз универсалмыз. Көп білгендігімізден емес, мәжбүрліктен», деген. Әлихан Бөкейханнан бастап Ахмет Байтұрсынұлының, Жүсіпбек Аймауытұлының, Қошке Кемеңгерұлының, Әлімхан Ермеқұлы сынды қайраткерлердің еңбектерін елеп-екшер болсақ, қоғам санасын дүр сілкінітіп, оятуға бағытталған түрлі ғылыми құбылыстарды көре аламыз. Мәселен, ғалым, профессор Несібелі Құрман алаштықтардың, оның ішінде Ахмет Байтұрсынұлының данышпандық психологиясын тереңінен зерттей алсақ, игілікті істердің шығар көзін тапсақ, шынайы ортақ құндылықтарды сұрыптап, іріктеуге мүмкіндік туатынын айтады. Олар туралы сөз айту үшін «...биік сенім тұрғысынан, адами тұрғыдан, ғалымдық тұрғыдан, ұлтжандылық тұрғыдан, шәкіртін адалдықпен құрмет тұтатын ұстаздық тұрғыдан ерекше дайындық болуы керек», дейді ол. [12] «Оян, қазақ» феноменін талдау – сол іргелі, үлкен міндеттің бір парасы ғана. Алайда олардың қоғамдық құбылысқа айналған, ұлт санасына әсер еткен идеялары мен тұжырымдарын талдау барысында шалағайлыққа жол беруге болмайды, барлығын сабырмен, дәйекпен елеп-екшеудің мәні зор. Алаш арыстарының аманатына адал болып, олардың еңбектерін ел игілігі мен ұлттық идеология қажетіне жаратып, тәуелсіздігімізді, дербестігімізді, егемендігімізді баянды да, тұғырлы ету жолында қажырлы, табанды еңбек керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Феномен // Крысин Л. П. Толковый словарь иноязычных слов. — Москва: Эксмо, 2008. — 944 с.
2. Каренов Р.С. Алаш қайраткері Қошкелі Кеменгерұлының ұлтты дамыту жолындағы ізденіске толы қызметі// Қарағанды университетінің хабаршысы. «Тарих. Философия» сериясы. -2013. -№2 (70). -Б. 42-49.
3. «Алаш айтқан асыл сөз». Бірінші басылым – Алматы: «Ел-шежіре» қоғамдық қоры, 2016. -273 б.
4. Галиев В. Міржақып Дулатұлының “Оян, қазақ!” кітабы туралы цензуралық материалдар-1. [Электронды ресурс]. -URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/21384> (Қаралған күні: 15.03.2021).
5. Міржақып Дулатұлының “Оян, қазақ!” кітабы туралы цензуралық материалдар-2. -URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/21389>. (Қаралған күні: 15.03.2021).
6. Әбіхалықұлы Ө. Ем таба алмай дертіне, «Оян, қазақ!» деп жар салған Міржақып Дулатұлы. -URL: https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_mirzhaqyp_dulatov/2152950.html. (Қаралған күні: 15.03.2021).
7. Нұрғали Нұртай. Бүгін «Оян, қазақ!» деп жар салған Міржақып Дулатұлының туған күні. -URL: <https://qamshy.kz/article/17551-bugin-ojan-qazaq!-dep-zhar-salghan-mirzhaqyp-dulatulyynynh-tughan-kuni>. (Қаралған күні: 15.03.2021).
8. М.Әбсеметпен сұхбат. «Оян, қазақ» идеясы – қазақтың нағыз ұлттық идеясы! -URL: <https://abai.kz/post/5743%2012.10.2018>. (Қаралған күні: 15.03.2021).
9. Жапон профессоры Томохико Уямамен сұхбат. Хандарға артықшылық беру немесе «Алаш» неге тарих тасасында қалады? -URL: https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_alashorda_khan_tomokhiko_uyama/9498919.html (Қаралған күні: 15.03.2021).
10. Түрік профессоры Хүлия Ченгел: Түркі әлемін түртіп оятқан «Оян» мотивінің авторы – Міржақып Дулатұлы. -URL: <https://qamshy.kz/article/45006-turik-professory-turki-alemin-turtip-oyatqan-oyan-motivininh-avtory-%e2%80%93-mirdgaqu> (Қаралған күні: 15.03.2021).
11. Қошкелі Кеменгерұлының туғанына 125 жыл толуына арналған «Алаш мұрасы: тіл, тарих, әдебиет» атты халықаралық ғылыми-теориялық онлайн конференциядағы Ашур Өздемір баяндамасынан үзінді. 2021 жыл, 11 наурыз.
12. Әзия Жұмабаева, Несібелі Құрман. «Ахмет Байтұрсынұлы “Әліппесінің” алтын белдеуі – дыбысты әдіс». -URL: https://bilimdinews.kz/?p=141319&fbclid=IwAR3VkBMC7F6XdxsQJ9_xUWP1q8fiSxRbaeKYZCEKblhtwFud-i-LGFSJUzA. (Қаралған күні: 22.03.2021).

А. Сайлауқызы

Ayrau Engineering and Humanitarian Institute, Nur-Sultan, Kazakhstan

The concept of «Oyan, Kazak!»: in the world information space

Abstract. The article analyzes the work of the Alash public figure and poet Mirzhaqyp Dulatuly «Oyan, Qazaq!» (Wake up Qazaq) as a phenomenon and its impact on public consciousness. The purpose of the article is to determine the validity of this statement. First of all, revealing the essence of the concept, the author explores the need of an assessment of this work as a phenomenon that has affected the national liberation consciousness of the Kazakh society. This topic has been studied before. However, it requires further research. The author analyzes the influence of «Oyan, Qazaq» on the consciousness of kindred peoples of the Turkic world and countries. The article provides information of the impact of the work on Turkish society. The author pays considerable attention to the opinions of Turkish researchers. In addition, rebuttals are provided to some dubious scholarly assertions in this context. The article assesses Mirzhaqyp Dulatuly's work as a social phenomenon, a national idea associated with the realisation of independence and freedom.

Keywords: Alash, phenomenon, public consciousness, Alash studies, national consciousness, independence, information space.

А. Сайлауқызы

Атырауский инженерно-гуманитарный институт, Нур-Султан, Казахстан

Концепт «Оян, қазақ!»: в мировом информационном пространстве

Аннотация. В данной статье проанализированы произведение алашского деятеля Миржакыпа Дулатулы «Оян, қазақ!» («Проснись, казах!») в качестве феномена и его влияние на общественное сознание. Цель статьи – определить состоятельность этого утверждения. Прежде всего, раскрывая сущность концепции, автор исследует, почему данное произведение заслуживает оценки как феномена, затронувшего национальное, освободительное сознание казахского общества. Данная тематика мало изучена и требует дальнейших исследований. Автор анализирует влияние стихотворения «Оян, қазақ» на сознание родственных народов тюркского мира. Даются выводы относительно влияния на турецкое общество. Значительное внимание уделяется мнениям турецких исследователей. Кроме того, даются опровержения по некоторым сомнительным научным утверждениям в данном контексте. В статье произведение Миржакыпа Дулатулы оценивается как социальный феномен, национальная идея, связанная с осознанием независимости и свободы.

Ключевые слова: Алаш, феномен, общественное сознание, алашведение, национальное сознание, независимость, информационное пространство, национальная идея.

Referenses

1. Fenomen // Krysin L. P. Tolkovyj slovar' inozazychnyh slov [Phenomenon. In. Krysin LP Explanatory dictionary of foreign words]. (Eksmo, Moscow, 2008, 944 p.).
2. Karenov R.S. Alash kajratkeri Koshke Kemengerulynyn ultty damytu zholyndagy izdeniske toly kyzmeti [Search and activity of Alash figure Koshke Kemengerovich for the development of the nation], Қарағанды университетінің habarshysy. «Tarih. Filosofija» serijasy. 2013, No. 2 (70), 42-49 p.
3. «Alash ajtkan asyl soz». Birinshi basylım. [A noble word spoken by Alash] («El-shezhire» Kogamdyk Kory, Almaty, 2016, 273 p.).
4. Galiev V. Mirzhaqyp Dulatuly «Oyan, Qazaq!» kitaby turaly materialdar - 1. [Mirzhakyp Dulatuly «Oyan, Qazaq!» materials about the book.] Available at: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/21384>. (Accessed: 03/15/2021).
5. Mirzhaqyp Dulatuly «Oyan, Qazaq!» kitaby turaly materialdar - 2. [Mirzhakyp Dulatuly «Oyan, Qazaq!» materials about the book] Available at: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/21389>. (Accessed: 03/15/2021).
6. Abikhalyuly O. Yem taba almay dertine, «Oyan, Qazaq!» dep zhar salgan Mirzhaqyp Dulatuly [Mirzhakyp Dulatovich, who could not find a cure for the disease, said: «Oyan, Qazaq!»]. Available at: https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_mirzhaqyp_dulatov/2152950.html. (Accessed: 03/15/2021).
7. Nurgali Nurtai. Bugin «Oyan, Qazaq!» dep zhar salgan Mirzhaqyp Dulatuly tughan kuni [Today «Oyan, Qazaq!» birthday of the author of the book Mirzhakyp Dulatuly] Available at: <https://qamshy.kz/article/17551-bugin-oyan-qazaq!-dep-zhar-salghan-mirzhaqyp-dulatulynynh-tughan-kuni>. (Accessed: 03/15/2021).
8. Interview with Marat Abssemet. «Oyan, Qazaq» ideasy [«Oyan, Qazaq» ideas] Available at: <https://abai.kz/post/5743%2012.10.2018>. (Accessed: 03/15/2021).
9. Interview with Japon professors Tomohiko Uyama. «Alash» nege tarikh tasasynda qalady? [Why does Alash remain in the stone of history?] available at: https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_alashorda_khan_tomokhiko_uyama/9498919.html (Accessed: 15.03.2021).
10. Turkish professors Khuliya Chengel: Түркі Алемін туртип оятқан «Оян» мотивінің авторы - Mirzhaqyp Dulatuly [The author of the motif «Oyan» which evoked the Turkic world is Mirzhakyp Dulatuly.] Available at: <https://qamshy.kz/article/45006-turki-professory-turki-aleminat-turtip-oy-turki-aleminat-turtip-oy> % e2% 80% 93-mirdgaqy (Accessed: 03/15/2021).

11. Excerpt from the report of Ashur Ozdemir at the international scientific-theoretical online conference «Heritage of Alash: language, history, literature» dedicated to the 125th anniversary of Koshke Kemengeruly. 2021, 11 March [Qoshke Kemeңgerulynyń tyǵanyна 125 jyl tolyyna arnalǵan «Alash murasy: til, tarih, ádebiет» atty halyqaralyq ǵylym-teoralyq onlain konferesiadaǵy Ashyr Ózdemir baıandamasynan úzindi].

12. Zhumabayeva U., Kurman N. «Akhmet Baitursynuly» Alippesinin «altyn beldeui - dybysty adis» [The golden belt of the «Alphabet» Akhmet Baitursynov is a sound method]. Available at: https://bilimdinews.kz/?p=141319&fbclid=IwAR3VkBMC7F6XdxsQJ9_xUWP1q8fi5xRbaeKYZCEKbIhtwFUd-i-LGFSJUzA. (Accessed: 03/22/2021).

Автор туралы мәлімет:

Сайлауқызы А. – PhD доктор, журналист, Атырау инженерлік-гуманитарлық институты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Sailaukyzy A. – PhD doctor, journalist, Atyrau Engineering and Humanitarian Institute Nur - Sultan, Kazakhstan.